

Келес аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" № 12-87-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпандағы № 23-169-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 5549 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 34-260-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 23.12.2020 № 34-260-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Келес аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 29 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" № 12-87-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4955 тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) шешімнің орыс тіліндегі мәтінінің 2 тармағында "законодательством" деген сөз "законодательством" деген сөзбен;

2) шешімнің орыс тіліндегі қосымшасында:

7 тармағының 1) тармақшасының екінші абзацында "несовершеннолетним" деген сөз "несовершеннолетним", үшінші абзацында "войнскую" деген сөз "воинскую", бесінші абзацында "подпольчиков" деген сөз "подпольщиков", "За оборону Ленинграда" деген сөз "За оборону Ленинграда", "Житель блокадного

Ленинграда" деген сөз "Житель блокадного Ленинграда", 5) тармақшасының екінші абзацында "направляющимся" деген сөз "направлявшимся" деген сөздермен;

7 тармағының 1) тармақшасының үшінші және төртінші абзацында 1941 жылғы 22 маусымы мен 1945 жылғы 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, біржолғы 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қайталап некеге отырмаған зайыбына (жұбайына) біржолғы 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7 тармағының 5) тармақшасының екінші абзацында жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, бір жолғы 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9 тармағының 8) тармақшасында "принимавшие" деген сөз "принимавшие", "территории" деген сөз "территории", "войнский" деген сөз "воинский" деген сөздермен;

9 тармағының 4) тармақшасында адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру немесе жұқтырылған иммун тапшылығының синдром ауруы медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің кінәсінен болған, олардың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге өтемақы, сонымен қатар адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларына, ай сайын 2 есе ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

"11. Жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының әрбір мүшесіне ай сайын ең төменгі күн көріс деңгейінің шамасын құрайды.

Әлеуметтік көмек ай сайын немесе 3 айға бір реттік болып төленеді. Әлеуметтік көмектің бір реттік төлемі комиссия мен келісім бойынша жүргізіледі және тек қана әлеуметтік келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты іс-шараларға, жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (ұймалын, құсын сатып алуға және т.б.), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға (алдыңғы қарыздарды өтеуге арналған шығындардан басқа) пайдаланылады."

12 тармағында "кантракта" деген сөз "контракта", деген сөзбен ауыстырылсын.

2. "Келес аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелуін;

2) ресми жариланғаннан кейін осы шешімді Келес аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Мережепов
А. Тотиков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК